

Аяғоз жаналықтары

ГАЗЕТ 1930 ЖЫЛДЫҢ
4 ҚАЗАНЫНАН БАСТАП
ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 6 (10953)

15 ақпан 2025 жыл

E-mail: ayagoz.zhanalyktary@mail.ru

ПРЕЗИДЕНТ «ЖАҢА АДАМДАР» ЖАСТАР ФОРУМЫНДА СӨЗ СӨЙЛЕДІ



Форумда «Жаңа адамдар» қозғалысының жетекшісі Әсел Баденова Президентке ұйымның осыған дейін атқарған игі істері мен азаматтық бастамаларын таныстырды. Оның айтуынша, қазіргі кезде қозғалыстың 19 қалада кампусы, 15 мыңға жуық белсенді мүшесі бар. Қозғалыс елімізде ондаған азаматтық бастамалар мен акцияларды ұйымдастырып үлгерген. Жастар вандализммен, рұқсат етілмеген жерге қоқыс төгушілермен, кәмелетке толмаған балаларға ішімдік сатушылармен, есірткі таратушылармен және басқа да әлеуметтік кеселдермен күрес жүргізіп, өздерінің азаматтық ұстанымдарын ашық әрі белсенді білдіріп жүр.

Мемлекет басшысы форумға жиналған жалынды жастардың бойындағы Отанға, елге деген сүйіспеншілік пен құрметке ризашылығын білдіріп, көзі ашық, көкірегі ояу азаматтардың әр жетістігіне қуанатынын, әр бастамасын қолдайтынын жеткізді.

– Қазақстанның жастары – жасампаз. Мен мұны үнемі айтып жүрмін. Жаңа ғана өте жақсы ойлар айтылды. Тың идеялар, игі бастамалар бар. Сіздердің сөздеріңізді тыңдап, форум атмосферасын сезіне отырып, кеудемді мақтаныш кернеді. Қазақстанның болашағына деген сенімім нығая түсті. «Жас келсе – іске» деп бекер айтпаған. Еліміздің келешегі ойы ұшқыр, білімі терең, көзқарасы заманауи жастардың қолында. Мен Президент ретінде Сіздерге зор үмітпен қараймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қазір еліміз үшін тарихи кезең екеніне, алдымызда биік мақсаттар тұрғанына назар аударды.

– Біз жұрттан көш ілгері жүретін ел боламыз. Үйренетін де, үйрететін де ұлт боламыз. Жастар барлық өзгерістің бастауында тұрады. «Жаңа адамдар» – жаңа қоғамның айнасы. «Жаңа адамдар» – жаңа болмыс! Бұл – өз еліне адал жастардың қозғалысы! Біздің стратегиямызға қолдау білдірген сіздерге алғыс айтамын. Реформаларымыздың мән-маңызы ұрандарыңызда көрініс тапқан. Бұл өзгерістер Әділетті Қазақстанды құру, «Заң мен тәртіпті» қамтамасыз ету тұжырымдамасына негізделген, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев жастарға қарата айтқан сөзінде отаншылдық сезімге, қоғамда «Заң мен тәртіп» үстемдігін орнатудың маңызына, «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының идеологиялық мәніне тоқталды.

Мемлекет басшысының пікірінше, ел үшін адал қызмет ету жауапкершілік алудан қорықпайтын, батыл азаматтардың қолынан келетін жұмыс.

– Жастарға барлық мүмкіндіктер жасалып жатыр. Қазақстан балалар мен жастарға жан-жақты қолдау көрсететін әлемдегі аз елдің бірі. Дүниеге келген әр сәби бірден ұлттық бағдарламалардың қатысушысына айналады. Өздеріңізге мәлім, екінші жыл қатарынан Ұлттық қор табысының бір бөлігі балалардың есепшотына түсіп жатыр. Кәмелет жасына толғанда олар жинақталған қаржыны оқуға немесе баспана алуға жұмсай алады. Бес жастан асқан балаларға арналған «Келешек» бағдарламасы іске қосылды. Бұл жүйе ата-аналар үшін өте қолайлы. Сол арқылы балаларының болашақта алаңсыз білім алуына қаражат жинайды. Әр бала алты-жеті жастан бастап мектепте тегін білім алады. Мұның

(жалғасы 2-бетте)

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМДЕРІНІҢ ЖӘРМЕНКЕСІ



(Аудан әкімінің фейсбук желісінен)

Өткен сенбі күні аудан орталығының орталық алаңында бағаны тұрақтандыру мақсатында ауыл шаруашылық өнімдерінің жәрменкесі ұйымдастырылды.

Жәрменкенің мақсаты – жергілікті ауыл шаруашылық саласының өнімдерін тұрғындарға сапалы әрі қолжетімді бағада алуға мүмкіндік жасау. Басқа сауда орындары мен базарлардағы бағадан арзанға саудаланған картоп, капуста, сәбіз, жұмыртқа,


өсімдік майлары, балық, төрт түлік еттері мен сүт өнімдерін тұрғындар сатып алды. Іс-шараны ұйымдастырушылар алдағы уақытта да мұндай шаралар тұрақты түрде өтіп, тұрғындарға табиғи әрі сапалы өнімдер жеткізілетінін айтады.

БІЛГЕНІГЕ МАРЖАН

Ақтанберді жырау жырларынан

Ағайының көп болса,
Ұлы шерік қолмен тең,
Білімді туған жақсылар
Аз да болса көппен тең,
Жақсысы кеткен ауылдың
Артынан жақсы шықпаса
Өртеніп кеткен жермен тең.

Қайырлы болса баяжан
Дария шалқар қолмен тең,
Қайырсыз болса жаман бай
Ел қонбаған шөлмен тең,
Мінезді болса жолдасың,
Күнде сонар қызбен тең,
Жаман болса жолдасың,
Астыңнан өткен сызбен тең.



Балаларыма өсиет:

Қылмаңыздар кепіет,
Бірлігіңнен айрылма,
Бірлікте бар қасиет.
Татулық болар береке,
Қылмасын жүріт келеке,
Араз болсаң алты ауыз
Еліңе кірген әреке.
Талпынып салдым егінді,
Түсін деп әркім тегінді.
Ақылың барың ұғарсың,

Ойың болса сезімді.
Тоқсанға жас келген соң,
Өлім жақын көрінді.
Бар арманым айтайын,
Батырларша жорықта
Өлмедім оқтан,
қайтейін!...
Ел аман болсын ылайым,
Тілегім берді бәрін де,
Разымын, құдайым!



Түйе мойнын тұз кесер

Түйе мойнын тұз кесер,
Жігіт мойнын қыз кесер,
Саптылдаған сағы аяз,
Жылқының мойнын мұз кесер.
Бұлан да бұлан, бұлан сан,
Бұланның санын оқ төсер,
Бұландып жүрген жігіттің,
Жомарт қолын жоқ кесер!

ХАБАРЛАНДЫРУ

ТОО «Корпорация Казахмыс», сообщает, что **19 марта 2025 года в 12:00 ч.** планируется проведение общественных слушаний по рассмотрению **Отчета о возможных воздействиях к проекту «План горных работ отработки запасов месторождения Космурун открытым способом»** по адресу: область Абай, Аягөзский район, пос.Корык, здание ГУ «Аппарат акима Малкельдинского сельского округа».

Территория воздействия: область Абай, Аягөзский район, пос.Корык.
Географические координаты участка:

Координаты угловых точек						
Северная широта			Восточная долгота			
Угловые точки	Гр.	Мин.	Сек.	Гр.	Мин.	Сек.
1	48	36	10.49	77	46	39.76
2	48	36	23.44	77	46	41.92
3	48	36	37.84	77	47	00.88
4	48	36	42.90	77	47	13.07
5	48	36	42.44	77	47	32.03
6	48	36	31.87	77	47	45.57
7	48	36	10.26	77	47	46.48
8	48	36	58.52	77	47	29.47
9	48	36	00.52	77	47	16
10	48	36	51.05	77	45	59.13
11	48	36	53.90	77	45	57.45

Инициатор: ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН 050140000656. Представитель: Аманкелдина А.С., главный специалист ТОО «Корпорация Казахмыс», контакты: тел. 8 (7212) 957401, эл.адрес: Aitolkyn.Amankeldina@kazakhmys.kz.

Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН 060641009902. Представитель: Сулейменова А.Б., контакты: тел. 8 (7172)55 76 72 (вн.10557), эл.адрес: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz.

Материалы проекта размещены на сайте: ecportal.kz и <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat/activities/28548?lang=ru>.

Замечания и предложения по проекту принимаются по ссылке ecportal.kz, на эл. адрес: prirodnyye_resursy_obl.abay@mail.ru и почтовый адрес: область Абай, город Семей, ул.Турлыханова, 30 в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить по эл. адресу Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz и номеру телефона 8 (7172)55 76 72 (вн.10557).

Регистрация производится за 15 минут до проведения общественных слушаний при предоставлении удостоверения личности.

Ссылка на онлайн подключение:
<https://kazakhmys.webex.com/kazakhmys-ru/j.php?MTID=m4e7a1cbe1b77bf1459e38ddfc5e3f83e>

Номер совещания (код доступа): 2518 159 0343
Пароль совещания: 123456dD

ОБЪЯВЛЕНИЕ

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС 2025 жылдың **19 наурызы сағ. 12:00-де** Абай облысы, Аягөз ауданы, Қорық кенті, «Малкелді ауылдық округінің әкімшілігі» ММ «Қосмұрын кен орнының қорларын ашық тәсілмен игерудің тау кен жұмыстарының жоспары» жобасына ықтимал әсерлер туралы есебін қарау бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу жоспарланғанын хабарлайды.

Әсер ету аумағы: Абай облысы, Аягөз ауданы, Қорық кенті.
Учаскенің географиялық координаттары:

Географиялық координаттар						
Солтүстік ендік			Шығыс бойлық			
Нүстелердің координаттары	Гр.	Мин.	Сек.	Гр.	Мин.	Сек.
1	48	36	10.49	77	46	39.76
2	48	36	23.44	77	46	41.92
3	48	36	37.84	77	47	00.88
4	48	36	42.90	77	47	13.07
5	48	36	42.44	77	47	32.03
6	48	36	31.87	77	47	45.57
7	48	36	10.26	77	47	46.48
8	48	36	58.52	77	47	29.47
9	48	36	00.52	77	47	16
10	48	36	51.05	77	45	59.13
11	48	36	53.90	77	45	57.45

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, БИН 050140000656. Өкілі: Аманкелдина А.С., «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, бас маманы, тел. 8 (7212) 957401, эл.мекен-жайы: Aitolkyn.Amankeldina@kazakhmys.kz.

Әзірлеуші: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты, БИН 060641009902. Өкілі: Сулейменова А.Б., байланыс телефоны: 8 (7172)55 76 72 (ішкі нөм.10557), эл.мекен-жайы: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz.

Жоба материалдары төмендегі сайтта орналастырылған: ecportal.kz және <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat/activities/28548?lang=ru>.

Жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей ecportal.kz сілтемесі бойынша, эл. мекен-жайы prirodnyye_resursy_obl.abay@mail.ru және пошталық мекенжайы: Абай облысы, Семей қ., Турлыханов к-сі, 30 бойынша қабылданады.

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулар өткізу, сондай-ақ белгіленген қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін келесі Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz эл.мекен-жай бойынша және тел. нөм. 8 (7172)55 76 72 (ішкі нөм.10557) сұратуға болады.

Тіркеу қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 15 минут бұрын жеке күелік ұсынылған кезде жүргізіледі.

Бейнеконференцияға онлайн қосылуға сілтеме:
<https://kazakhmys.webex.com/kazakhmys-ru/j.php?MTID=m4e7a1cbe1b77bf1459e38ddfc5e3f83e>

Жиналыс нөмірі (кіру коды): 2518 159 0343
Жиналыс құпия сөзі: 123456dD

ЖРВИ ЖӘНЕ ТҰМАУДЫҢ АЛДЫН АЛУ

Жіті респираторлық вирустық инфекция (ЖРВИ) – әртүрлі вирустармен тыныс алу жолдарының қабынуымен жүретін жұқпалы ауру. Вирустың әртүрлілігіне байланысты, бұл ауру тобына тұмау, парагрипп, риновирусты және аденовирусты инфекция, басқа жоғарғы тыныс алу жолдарының қабынулары жатады. Сондай-ақ, даму барысында вирустық ауру бактериялық инфекцияға асқынуы мүмкін.

ЖРВИ-мен балалар және иммундық жүйесі әлсіреген адамдар жиі ауырады.

Аурудың жасырын кезеңі 2-3 күнді құрайды.

Клиникалық белгілері: жедел респираторлық инфекция кезінде бастапқыда адам шаршағаш, әлсіз, ашуланшақтық болып, әрі қарай бұл белгілер көбейеді. Яғни, бас ауырады, қатты әлсіздік, бұлшық еттер сырқырайды, дене қызуы жоғарлап, терлегіш болады.

Ал тұмауда тамақтың ауруы, қышуы, жетел пайда болуы мүмкін. Кейбір жағдайларда тыныс алу жолдарының зақымдануымен конъюнктивит, яғни көздің зақымдану белгілері болады. Осы уақытта аймақтық жақ асты, мойын лимфа тамырларының ұлғаюы да мүмкін.

Ауырған жағдайда міндетті түрде үйде жатып, барынша сұйық зат ішуі керек.

Дене қызуы жоғары болғанда қызу басатын дәрі-дәрмектерді, қажеттілігіне қарай тұмауға қарсы дәрілерді немесе жетелге қарсы препараттарды дәрігердің кеңесімен қолдану өте маңызды.

Жедел респираторлық вирустық инфекция кезінде антибиотиктер тиімді емес, сондықтан олар бактериялық инфекция немесе асқыну кезінде тек дәрігердің тағайындауымен қабылданады. Өйткені антибиотиктер иммунитетті төмендетеді.

Аурудың алдын-алу:

- Эпидемиялық кезеңде көпшілік орындарда адамдармен байланыс жасаған кезде маска кию;

• Инфекцияның таралуын алдын алу үшін қолды сабынмен немесе бактерияға қарсы (құрамында спирт бар) ерітіндімен жуу;

• Бір реттік қол орамалын қолдана отыра, жетелген және түшкірген кезде мұрын мен ауызды жабу, маска кию, маскәларды тәулігіне 3-4 рет ауыстыру.

• Бөлмені жиі желдету;

• Аурудан сақтанудың ең тиімді жолы- екпе алу;

Екпе - кез келген тұмау эпидемиясы кезінде ең сенімді қорғаныс болып табылады. Екпе нәтижесінде пайда болған

иммунитет аурудан сенімді қорғайды.

Екпе мақсаты – инфекция ретінде тұмауды толық жою емес, тұмаудан өлім-жітімді және ауруларды, әсіресе оның асқынуларын, жүрек-қан тамырлық, өкпе ауруларының, басқа да созылмалы патологиялардың асқынуын азайту.

Жылда тұмау ауруының алды-алу мақсатында қыркүйек айынан бастап қауіпті топтарға, атап айтқанда:

- 65 жастан жоғары қарттар;
- созылмалы патологиясы бар балалар;
- екінші және үшінші триместрдегі жүкті әйелдер;
- медицина қызметкерлері және басқа да көптеген өндірістік байланыстағы адамдар егіледі.

Дегенмен де, екпе алудан бөлек салауатты өмір салтын ұстану, ағзаның кез келген инфекциямен күресуіне көмектеседі.

Аягөз аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы
Жұмақанов Дәулет Ғазизұлы

САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ САЛАСЫНДА КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініш жасауы бойынша немесе өтініш жасауынсыз жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі.

Басты мақсат-мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін қысқарту, рәсімнің өзін оңайлату, азаматтар мен заңды тұлғалар үшін қаржылық шығындарды азайту, бюрократиялық кідірістерді жою және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту.

Көрсетілетін қызметті берушілердің мемлекеттік қызметтерді көрсету талаптары мен тәртібі "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-336/2020 бұйрығымен айқындалады.

Құжаттарды қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады www.egov.kz, www.elicense.kz.

Аягөз аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы мемлекеттік қызметтердің 3 түрін көрсетеді:

1. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге жоғары эпидемиялық маңызы бар объектінің сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру-көрсету мерзімі

2. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге шикізат пен өнімнің жаңа түрлеріне қоршаған ортаға зиянды заттар мен

физикалық факторлардың шекті жол берілетін шығарындылары мен шекті жол берілетін төгінділері, санитариялық қорғау аймақтары мен санитариялық-қорғау аймақтары бойынша нормативтік құжаттама жобаларының сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру - көрсету мерзімі

3. Санитариялық-эпидемиологиялық салада мемлекеттік бақылауға және қадағалауға жататын тамақ өнімдерін өндіру объектісіне есептік нөмір беру-көрсету мерзімі: 5 жұмыс күні. Жобаларға санитариялық - эпидемиологиялық қорытынды беруден дәлелді бас тарту үшін негіз болып табылады:

1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау;

2) ұсынылған деректер мен Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті мәліметтердің Кодекстің 94-бабына сәйкес бекітілген халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.

Естеріңізге сала кетейік, мемлекеттік қызметті үйден шықпай-ақ "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы алуға болады www.egov.kz, www.elicense.kz.

Аягөз аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының қызметті талдау және Жоспарлау бөлімінің жетекші маманы Орынбекова Ж.Т.